

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімдерінің дерекқорларына қол жеткізу туралы келісімді жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 871 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер салық төлеушілері мемлекеттік тізілімдерінің дерекқорларына қол жеткізу туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Саят Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімдерінің дерекқорларына қол жеткізу туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

ЕурАзЭК                   Интеграциялық  
Комитетінің               2003                   ж.  
27                   ақпанды                   N                   182  
қосымша  
Жоба

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше  
мемлекеттер салық төлеушілерінің мемлекеттік  
тізілімдерінің дерекқорларына қол жеткізу туралы  
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің Үкіметтері,

1999 жылғы 26 ақпанды Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шарттың және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастығын құру туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына (бұдан әрі - ЕурАЗЭК) мүше мемлекеттердің мемлекеттік бюджеттеріне салықтардың, баждардың және өзге де төлемдердің уақтылы және толық түсуіне бақылауды күшейтуде өзара мүдделілікті

**ескере**

**отырып,**

осы мақсатпен бір-біріне жәрдем етуді қалай отырып, төмендегі туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімде "құзіретті органдар" терминімен ЕурАЗЭҚ мүше мемлекеттерінің орталық салық органдары ұғынылады.

## **2-бап**

Тараптардың құзіретті органдары салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімдері дереккорына қол жеткізуді ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын қолдана отырып, байланыс арналары бойынша бір-біріне ұсынады.

## **3-бап**

ЕурАЗЭҚ мүше мемлекеттері салық төлеушілері мемлекеттік тізілімдерінің дереккорына қол жеткізу тәртібі құзіретті органдардың өзара әрекеті шегінде айқындалады.

## **4-бап**

Тараптардың құзіретті органдары бір-біріне салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімдері дереккорына (программалық өнімдерді баптау, қол жеткізудің аттары мен парольдары және т.б.) қол жеткізу үшін коммерциялық немесе кәсіптік құпия болып табылмайтын қажетті техникалық ақпаратты ұсынады.

## **5-бап**

Тараптардың құзіретті органдарымен келісілген Тізілімдер көрсеткіштеріне ЕурАЗЭҚ мүше мемлекеттердің салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімдері ұлттық дереккорына қол жеткізуге "оқу" режимінде жол беріледі.

## **6-бап**

Тараптардың құзіретті органдары ақпараттардың құпиялығын сақтайды және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық зандарына сәйкес оны қорғау режимін қамтамасыз етеді.

Кол жеткізуді қорғау режимін жүзеге асыру үшін Тараптардың ұлттық органдарымен сертификатталған ақпаратты қорғау құралдары қолданылады.

## **7-бап**

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптардың құзыретті органдары жеке мәселер бойынша қосымша хаттамалар жасасуға құқылы.

## **8-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

## **9-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктердің барлығы тараптар арасындағы келіссөздер мен кеңестер жолымен шешіледі.

## **10-бап**

Осы Келісімнің депозитарийі болып Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті табылады.

## **11-бап**

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті Тараптардың ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийге сактауға тапсыру күнінен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап шығуға дейінгі 6 айдан кем еместе депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарламаны жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

2003 ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ Мәскеу қ. орыс тілінде бір данада жасалды. Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінің Секретариатында сақталады.

*Беларусь Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қыргыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

*Тәжікстан*      *Республикасының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК